

Дипломдық жобаның құрылымы мен ресімделуіне қойылатын талаптар

1. Дипломдық жоба мазмұны бойынша колледждің белгілі бір мамандығының бітіруші курс білім алушыларының өз бетінше дайындаған зерттеу жобасы болып табылады. Аяқталған дипломдық жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- Титулдық парағы (*1-қосымша*)
- Дипломдық жобаны орындауға арналған тапсырма (*2-қосымша*).
- Білім алушының жұмысына рецензия (*3-қосымша*).
- Мазмұн.
- Кіріспе.
- 1-бөлім (Арнайы бөлім).
- 2-бөлім (Экономикалық бөлім).
- 3-бөлім (Еңбекті қорғау).
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.
- Қосымшалар (бағдарламалық кодтар, кестелер, сызбалар, фотосуреттер және т.б.).

2. Титул парағы дипломдық жобаның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеуге және іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді.

3. Дипломдық жобаның мазмұнына кіріспе, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің реттік нөмірлері мен атаулары, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардың атаулары және дипломдық жобаның осы элементтері басталатын беттердің нөмірлері кіреді.

4. Кіріспеде дипломдық жоба тақырыбының өзектілігінің негіздемесі, жаңалығы мен практикалық маңыздылығы, шешілетін ғылыми мәселенің қазіргі жай-күйін бағалау, сондай-ақ дипломдық зерттеудің мақсаты, міндеттері мен нысаны, дипломдық жобаны жазудың теориялық және әдіснамалық негізі мен практикалық базасы келтірілуі тиіс.

5. Дипломдық жобаның арнайы бөлімінде орындалған жұмыстың мәні, мазмұны, әдістемесі және негізгі нәтижелері көрсетілген мәліметтер келтірілген. Дипломдық жобаның арнайы бөлімі бөлімшелерге бөлінеді. Арнайы бөлімнің көлемі 25 беттен кем болмауы тиіс.

6. Дипломдық жобаның экономикалық бөлімінде жалпы экономикалық ережелер, шығын материалдары, жалпы экономикалық шығындар, бағдарламалық өнімді құрудың күрделілігін есептеу, бағдарламашының жалақысын есептеу сияқты бағдарламалық өнімді әзірлеу шығындарының сметасы бар.

7. Дипломдық жобаның еңбекті қорғау бөлімінде Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау туралы заңнамалық актілері, электр қауіпсіздігі ережелері, компьютерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы, сонымен қатар өндірістік санитария мен еңбек гигиенасының негізгі міндеттері келтірілген.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді. Дереккөзге сілтеме қолданған кезде оны төртбұрышты жақшаға салу керек. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімінде нұсқаулық ережелер мен нормативтік құжаттар, мақалалар, кітаптар (әліпбилік тәртіппен) көрсетіледі. Бұл ретте авторлардың тегі, аты-жөні, жұмыстың атауы, шыққан жылы; мақала авторы, мақала атауы, журналдың, газеттің нөмірі мен күні көрсетіледі.

9. Қосымшаға негізгі бөлімде көрсетілмеген дипломдық зерттеуді орындауға байланысты материалдар кіреді.

10. Дипломдық жобада қабылданған шешімдер, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін студент – дипломдық жобаның авторы жауап береді.

11. Ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар: шрифт өлшемі 14, жоларалық интервал 1,0; абзацтың бірінші жолының шегінісі – 1,25 см. барлық негізгі мәтін ені бойынша тураланады. Құжаттың жиектері: сол жағы 3 см, оң жағы – 1 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см.

Дипломдық жобадағы беттерді нөмірлеу беттің төменгі оң жақ бұрышында орналасқан. Титул парағы, тапсырма және мазмұны нөмірленбейді. Дипломдық жоба тығыздығы 80г/м³ болатын А4 стандартты ақ парақтарда орындалуы керек.

12. Дипломдық жобадағы тақырыптар беттің ортасында бірінші жолда жазылады, тақырыптардың соңында нүкте қойылмайды. Тараудың немесе абзацтың тақырыбынан мәтінге дейін бір интервал сақталуы керек.

13. Суреттер дегеніміз – кестелер, графиктер, диаграммалар, сызбалар, құжаттардың суреттері, суреттер және т.б. олар аталған негізгі мәтіннен кейін орналасады (абзацтың соңында, бөлімнің соңында немесе тізім соңында). Әр суреттің өз атауы мен нөмірі болуы керек. Барлық дипломдық жоба бойынша иллюстрациялардың нөмірленуі толассыз болуы тиіс. Үлкен кестелер мен сызбалар жұмыстың негізгі мәтінінен кейін келетін қосымшаларға енгізіледі.

1-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Дипломдық жоба тақырыбы

ТҮСІНІК ХАТ

Директордың ОІ жөніндегі
орынбасары

К.Шаймуханбетова

« ____ » _____ 2023 ж.

ПЦК төрағасы

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Рецензент

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Жетекші

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Кеңесшілер:

Экономика бойынша

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Білім алушы

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Еңбекті қорғау бойынша

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Нормобақылау

_____ **А.Тегі**

« ____ » _____ 2023 ж.

Алматы, 2023

2-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ

Ақпараттық пәндер пәндік-циклдік комиссиясы

БЕКІТЕМІН
Директордың ОӘІ жөніндегі
орынбасары

_____ Л.С.Джубатова
«___» _____ 202 ж.

1304000 «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыздандыру»
мамандығы, 1304053 «Ақпаратты қорғау технигі» біліктілігі бойынша 4-
курс, АҚТ 18К тобының білім алушысы

Алиев Бауыржан Асқарұлының

ДИПЛОМДЫҚ ТАПСЫРМА

Дипломдық жоба тақырыбы _____

Зерттеуге тиісті мәселелер тізімі

Кіріспе _____

I-бөлім. _____

II-бөлім. _____

III-бөлім. _____

Қолданылған әдебиеттер тізімі болуы тиіс.

Қосымшада _____ болуы қажет.

Берілген күні «___» _____ 20__ г.

Аяқтау мерзімі «___» _____ 20__ г.

Жоба жетекшісі _____ **А.Тегі**
(қолы)

АП ПЦК отырысында қаралды және мақұлданды
хаттама №__ , «___» _____ 20__ ж.

**Білім алушының дипломдық жобасына
РЕЦЕНЗИЯ**

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ**

Білім алушының Т.А.Ә.

Мамандық _____

Дипломдық жоба тақырыбы _____

Жоба бойынша пікір

Жоба бағасы _____

Рецензент _____ **А.Тегі**
(қолы)

Лауазымы: _____

« » 202 ж.

М.О.

**Білім алушының дипломдық жобасына
ПІКІР**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ

Білім алушының Т.А.Ә.

Мамандық _____

Дипломдық жоба тақырыбы _____

Жоба жетекшісінің пікірі

Жетекші _____ **А.Тегі**
(қолы)

Арнайы пәндер оқытушысы

« » _____ 202_ ж.

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі. Мобильді қосымшалар қазіргі заманда адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мобильді телефон иелері күніне кем дегенде 2-3 мобильді қосымшаларды қолдануда. Ол қосымшалар кестелер мен ескертулер жазуға, есептеулер жасауға және көптеген басқа қызметтер атқаруға көмектеседі.

Жұмыстың мақсаты – кафе мен ресторандарда чекті бөлуге арналған мобильді қосымша жасау.

Жұмыста қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешілді:

- мобильді қосымшалар жасаудың теориялық аспектілерін ашу;
- қолданымдағы аналогтарды талдау бойынша эксперименталды зерттеу өткізу;
- жеке мобильді қосымша әзірлеу;
- жұмыстың экономикалық негіздемесін және еңбекті қорғау мәселелерін ашу.

Зерттеу нысаны – мобильді құрылғыларға арналған ақпараттық жүйелер.

Зерттеу тақырыбы – Android операциялық жүйесіне арналған қосымша.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы жүйе интерфейсінің әзірленген интерактивті прототиптерін салыстырмалы тестілеу нәтижелерімен дәлелденді.

Дипломдық жоба құрылымы мен көлемі.

Дипломдық жоба кіріспеден, үш бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 136 бетті, 6 кестені, 59 суретті, 2 қосымшаны құрайды.

Бірінші бөлімде қосымшаны жобалаудың негізгі кезеңдері қарастырылған: тақырып саласын зерттеу, жүйені модельдеу, жобаланатын ақпараттық жүйеге қойылатын талаптар; бағдарлама-аналогтар қарастырылып, мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды әзірлеу құралдарына шолу жасалған және жеке мобильді қосымшаны жобалауға арналған құралдарды таңдаудың негіздемесі, әзірленген мобильді қосымшаның сипаттамасы берілген.

Екінші бөлімде бағдарламалық өнімнің өзіндік құнын есептеу орындалған.

Үшінші бөлімде компьютерлік техникамен жұмыс кезіндегі тіршілік қауіпсіздінің мәселелеріне арналған.